

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т.ІІ. - Б. 240-242

## **ЭКО СТИЛЬ- ИНТЕРЬЕРДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТ ЖӘНЕ ОНЫҢ АДАМ ӨМІРІ МЕН ЖАҒДАЙЫНА ӘСЕРІ**

*Ахмедина А.Қ.*

Адамзаттың қажеттіліктерін интерьерде қамтамасыз ететін стильдердің көптеген түрлері бар. Алайда дизайн саласында тек адамзатты қана емес, сонымен қатар табиғатты да қанағаттандыратын стиль бар. Көптеген дизайнерлер қоршаған табиғатқа деген қарым-қатынас мәселесі аландатып отыр. Дизайн интерьерінің заттары мен элементтерді таңдау барасында, көбіне экологиялық таза, табиғи материалдарға баса назар аударады. Әрине эко стиль екі жақтың да көңілінен шыға алады: ол адамзат пен табиғат.

Эко стильдің пайда болуы мен дамуы - шапшаң және есте қаларлық емес. Бұл стильде орындалған танымал мүсіндер жоқ. Сонымен қатар бұл стиль жалғыз және қайталанбас емес. Өйткені бұл стильдің детальдары басқа танымал стильдерде қолданылады. Табиғатты қорғау және оны сақтау туралы туындаған мәселенің салдарынан ХХ ғасырда «эко-дизайн» термині дүниеге келді. Эко-дизайн тек қоршаған табиғатты сақтап қалу міндетімен қана шектелмей, сонымен қатар көркем мәдениет пен этнос тақырыптарында қамтиды.

Табиғатқа жүгіну барысында адамзат шабыт пен дұрыс композициялық шешімді таба алады. Эко дизайнмен тығыз байланыста кантри мен модерн стильдері болып саналады. Эко-дизайн стильінің адамдарға беретін оң энергетикасының, сондай-ақ адамның дұрыс және салауатты өмір салтына ұмтылуына септігін тигізетінінің арқасында сұранысқа ие болуда.

Эко-интерьерді дайындаудағы басты қағидаттар:

- жиһаз тұрмыстық заттарда зиянды компоненттердің болмауы;
- материалдардан зиянды шығындары мен сәулеленудің болмауы;
- материалдарды қауіпсіз пайдалану;
- материалдарды екінші рет пайдалану;

Қазіргі уақытта табиғат үшін мүлдем зиянсыз жағдай жасау мүмкін емес. Технологиялар ондай деңгейге жеткен жоқ, ал экономика жетілмеген. Табиғи, экологиялық таза материалдар жасанды материалдардан әлдеқайда қымбат.

Эко-дизайнда қолданылатын материалдарды қарастыра отырып, табиғатта кездесетін табиғи материалдардың алуан түрлілігіне түрлігін көреміз мысалы: ағаш, балшық, табиғи тас, шыны, зығыр, мақта, ротанг, бамбук және т.б.

Интерьер дизайнында осы табиғи материалдарды қолдана отырып, адам өз үйінде табиғи ортаны қайта құруға тырысады. Табиғи ресурстарды

пайдаланудың тиімділігіне, оларды үнемдеуге және ұтымды тұтынуға назар аударылады.

Н. Н. Демидованың, Г. С. Камерилованың пікірінше: "Эко-дизайн тұтынудың жана мәдениетін, экологиялық мәдениетке негізделген қажеттіліктердің құрылымын қалыптастырады, дизайн нысандарының көркемдік бейнелері арқылы қоғамның құндылықты ұстанымдарын өзгертеді, атап айтсақ табиғатпен қатар өмір сүрудің үйлесімдігі және үйлесімді тепе - теңдігін табиғи нысандар мен құрылымдарды жобалау объектілерінде пайдалану мүмкіндігін қамтитын заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастырудың этикалық үлгілерін таратады».

Эко-дизайндағы жиһаз ағаштан жасалады немесе, интерьерде зығыр, жүн немесе кенептен жасалған табиғи маталар қолданылады. Эко-дизайнда декор ретінде балшықтан жасалған құмыралар, өрілген себеттер, қамыстан жасалған бұйымдар, асүйде бамбук – шөп пен құрғақ гүлдерден жасалған композициялар, сабан нан және жеміс тостағандар пайдалануға болады. Эко-стильдегі интерьер гүлдермен немесе өсімдіктермен керамикалық құмыралармен толықтырады.

Эко-стиль, кез-келген басқа стиль сияқты, өзінің артықшылықтары мен кемшіліктері бар.

Эко-стиль кемшіліктерін шешу жолдарын қарастырайық:

- қымбат материалдар болған жағдайда, ағаштың арзан түрлерін таңдауға немесе пайдаланылған;
- интерьерді орындау өте көп салым қажет болса, эко-минимализмді таңдауға болады;
- эко интерьердегі тазалау көп уақытты қажет етеді, алайда кілемнің болмауы және шаң байқалмайтын фактуралық бөлшектердің болуы қуантады;
- эко-интерьердегі техниканы декор астында жасыруға болады

Эко-стильде жасалған тұрмыстық жиһаз бұйымдары көзге ерекше тартымды көрінеді, бұл оның табиғи түрі мен ерекше дайындау тәсілі арқасында. Бұл бұйымдар өзінің табиғи текстурасымен, түсімен өте әдемі көрінеді, осы жиһаздарды өз тұрмысында пайдаланатын адамдарға рахаттану мен демалу сезіміне бөлейді. Адамдарға табиғатпен берілген идеялар тіршілікте қиялға деген үлкен кеңістік береді, ал бұл өз кезегінде қайталанбас жиһаз жасауға мүмкіндік береді.

Адам-табиғаттың бір бөлігі, ол оған жақын болуға ұмтылады, сондықтан адамның өзін қоршаған табиғат әлемін шын ниетімен күтуге тырысады. Интерьерде экологиялық таза табиғи материалдарды қолданатын болсақ, онда адамның өмір сүру тіршілігіне қажетті таза ауаның болуына аз ғана болса да көмектесуге болар еді.

Өз үйінде табиғи материалдардың элементтерімен қоршалған адам қоршаған ортаға сезімтал болады, ол табиғи материалдарды, фактураларды

көңіл күйімен сезініп, осындай ортаның өмір сүруге деген қызығушылықтарын артырады. Бұл стиль адамды саналы түрде тәрбиелейді.

Интерьерді эко стильде орындау қиын емес. Қазіргі уақытта табиғи материалдарды өндіру және олардан жиһаз бұйымдарын дайындау үшін барлық қолайлы жағдайлар жасалған.

Осылайша, жоғарыда айтылғандарды назарға ала отырып, қорытынды жасайтын болсақ интерьердегі жаңа бағыт ретінде эко –стильді санауға болады. Қазіргі уақытта адамзаттың басым бөлігі қоршаған ортаның тазалығына, үйдегі экологияға және табиғатты күтіп және оны сақтауға көңіл аудары бастады. Бүгінгі таңда интерьер дизайнына тапсырыс берушілердің көпшілігі эко –стильді, экологиялық дизайнды таңдауы тегін емес.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Минервин Г.Б., Шимко В.Т., Ефимов А.В. и др. Дизайн. Анықтама-сөздік / Жалпы ред. Г.Б. Минервина, В.Т. Шимко. М.: Сәулет. С., 2004. 61б.
2. Бойчук О.В., Галушка О.О. Основні напрямів розвитку еко дизайну / упоряд. Л. Бикова. Харків: ХХП, 1996. 28с.
3. Власов В.Г. Өнердегі стильдер. Сөздік. Т. 1 / В.Г. Власов. СПб.: Кольна, 1995. 672с.
4. Демидова Н.Н., Камерилова Г.С. Основы экологического дизайна урбанизированной среды, 2014. 38с.
5. Тренд экодизайн: как превратить «зеленую тоску» в перспективный бизнес. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://sc.e./o/p/1000-idej-idei-biznesa-so-vsego-m/a/14518670/> (дата обращения: 23.11.2018).
6. Alexandra Medina-Borja. Smart Things as Service Providers: A Call for Convergence of Disciplines to Build a Research Agenda for the Service Systems of the Future. – Mary-land, USA. :Institute for Operations Research and the Management Sciences (INFORMS), 2015